

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПӘНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ӘОЖ 378.147; МҒТАР 16.31.51

<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.209>Қ.Қ. ҚАДАШЕВА¹, Ұ.О. АСАНОВА², А.Қ. МЫРЗАХАНОВА³✉¹педагогика ғылымдарының докторы, профессор*Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті*
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: karlygash.kadasheva@ayu.edu.kz²педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті*
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: assanova_62@mail.ru³педагогика ғылымдарының кандидаты*Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті*
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: akbota.myrzakhanova@ayu.edu.kz

ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ: ОҚУ СӨЗДІКТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ЖАСАЛУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. Бүгінде әдістеме ғылымы тілді үйрету мақсатында оқу-әдістемелік кешендер жасау мәселесімен айналысып қана қоймай, сонымен бірге оқу сөздіктерін жасау мәселесін де көтеріп отыр. Оқу сөздігі – тілдік қатынас және тілдесім құралы ретінде пайдаланылатын лексикографиялық туынды, сондықтан да қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытуда оқу сөздіктерінің алатын орны ерекше. Оқу сөздіктері тіл үйренушінің сөздік қорын кеңейтуге, грамматикалық құрылымдарды дұрыс меңгеруіне және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыра отырып, тілдік ортада еркін сөйлеуіне ықпал етеді.

Мақалада оқу сөздіктерінің түрлері мен оларды құрастырудың негізгі қағидалары қарастырылып, оқу сөздігін жасауда басшылыққа алынатын ғылыми-әдістемелік ұстанымдар ұсынылады. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту барысында тіл үйренушінің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдістемелік тәсілдер туыс төрт тілде (қазақ, қырғыз, түрік, өзбек) салыстырыла сипатталады. Бұл тәсілдер тіл үйретімдік ассоциативтік оқу сөздігінде айрықша көрініс тапқан. Оқу сөздігінің құрылымындағы тақырыптар елтанымдық және мәдениеттанымдық ақпарат көздері болғандықтан, тіл үйренушілерді түркітілдес елдердің мәдениетіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсініп қабылдауға дағдыландыру, тілдік материалдарды когнитивтік-прагматикалық және салыстырмалы-салғастырмалы әдістер арқылы меңгерту мақсаттары көзделеді.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Қадашева Қ., Асанова Ұ., Мырзаханова А. Лексикографиялық жүйе: оқу сөздіктерінің түрлері мен жасалу әдістері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 267–277. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.209>

***Cite us correctly:**

Kadasheva K., Assanova U. Myrzakhanova A. Leksikografialyq zhuie: oqu sozdikterinin turleri men zhasalu adisteri [Lexicographic System: Types and Methods of Creating Educational Dictionaries] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – Б. 267–277. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.209>

Мақаланың редакцияға түскен күні 01.10.2024 / қабылданған күні 30.06.2025

Кілт сөздер: қазақ тілін оқыту, ассоциативтік оқу сөздігі, мәдениетаралық құзырет, коммуникативтік дағды, салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, сөздік қор.

K.K. Kadasheva¹, U.O. Assanova², A.K. Myrzakhanova³

¹*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor*

*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: karlygash.kadasheva@ayu.edu.kz*

²*Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor*

*L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: assanova_62@mail.ru*

³*Candidate of Pedagogical Sciences*

*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: akbota.myrzaxanova@ayu.edu.kz*

Lexicographic System: Types and Methods of Creating Educational Dictionaries

Abstract. Contemporary methodology in language education not only addresses the development of instructional-methodological complexes for language teaching but also raises concerns about the issue of compiling educational dictionaries. An educational dictionary is a lexicographical work that serves as a tool for linguistic communication and discourse, and its significance is particularly pronounced in the context of teaching Kazakh as a related language. Educational dictionaries play a crucial role in expanding the learner's vocabulary, facilitating the accurate acquisition of grammatical structures, and fostering communicative competence, thereby enabling learners to engage fluently in the target language environment.

This article explores the various types of educational dictionaries, the fundamental principles underlying their construction, and the scientific-methodological frameworks that guide their creation. It also presents methodological approaches aimed at developing intercultural competence in learners of Kazakh as a related language, with a comparative analysis of four Turkic languages (Kazakh, Kyrgyz, Turkish, and Uzbek). These approaches are particularly evident in the associative educational dictionary for language instruction. The thematic structure of the educational dictionary, which integrates country-specific and cultural information, is designed to promote learners' understanding of the cultural similarities and differences across Turkic-speaking nations. The ultimate objective is to facilitate the acquisition of linguistic materials through cognitive-pragmatic and comparative-contrastive methods.

Keywords: teaching Kazakh, associative educational dictionary, intercultural competence, communicative competence, comparative-contrastive method, vocabulary.

К.К. Кадашева¹, У.О. Асанова², А.К. Мырзаханова³

¹*доктор педагогических наук, профессор*

*Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: karlygash.kadasheva@ayu.edu.kz*

²*кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор*

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: assanova_62@mail.ru*

³*кандидат педагогических наук*

*Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: akbota.myrzaxanova@ayu.edu.kz*

Лексикографическая система: типы и методы создания учебных словарей

Аннотация. Сегодня методологическая наука занимается не только созданием учебно-методических комплексов для обучения языку, но и поднимает вопрос создания учебных словарей. Учебный словарь – лексикографическое производное, используемое как средство общения и языковое общение, поэтому особое место в обучении казахскому языку как родственному языку занимают учебные словари. Учебные словари способствуют расширению словарного запаса, правильному владению грамматическими структурами и свободной речи в языковой среде, формируя коммуникативные навыки.

В статье рассматриваются виды учебных словарей и основные принципы их составления, предлагаются научно-методические подходы к разработке учебного словаря. Методические подходы, направленные на формирование межкультурной компетентности изучающего язык в процессе обучения казахскому языку как родственному, характеризуются сопоставлением на четырех языках (казахском, кыргызском, турецком, узбекском). Эти подходы нашли особое отражение в языковом ассоциативном учебном словаре. Поскольку темы в структуре учебного словаря являются источниками страноведческой и культурно-познавательной информации, предусматриваются цели привития изучающим язык понимания и восприятия сходств и различий в культуре тюркоязычных стран, изучения языковых материалов через когнитивно-прагматические и сравнительно-сопоставительные методы.

Ключевые слова: изучение казахского языка, ассоциативный учебный словарь, межкультурная компетенция, коммуникативные навыки, сравнительно-сопоставительный метод, словарный запас.

Кіріспе

Заман талабына сай отандық ғылымда қазақ тілін практикалық тұрғыда оқытып-үйрету мен меңгерту әдістемесін жаңаша іздену парадигмасында лингводидактика негіздеріне сүйене отырып, оқу сөздіктерін дайындау қажеттігіне ерекше көңіл аударыла бастады.

Лингводидактика ғылымы XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басында әдістемелік әдебиетте пайда болды. Бұл ғылым – дидактика мен әдістеменің аралық орнындағы ғылым саласы ретінде тілді оқытып-үйрету мақсатына орай оның теориясын сипаттайды. Ал әдістеме лингводидактика зерттеулерінің нәтижелері мен жетістіктерін оқу үдерісіне енгізеді [1, 27-б.].

Тілдерді ана тілі ретінде, екінші тіл және туыс тіл ретінде оқытудың негізгі теориялық зерттеу нысанының тағы бір жүйелік құрылымы – мәдениетаралық (көпмәдениетті) дидактика.

Мәдениетаралық (көпмәдениетті) дидактика – ол педагогикалық теория. Бұл теория жөнінде орыс ғалымы А. Петрикованың еңбегінде былайша сипаттама беріледі: «Межкультурная (поликультурная) дидактика – это педагогическая теория, направленная на разработку и объяснение новых методов и новых форм обучения с учетом межкультурного (поликультурного) взаимодействия субъектов обучения (учитель – ученик) на основе избранного языка или языков коммуникации (общения)» [2, 15-б.].

Аталмыш ғылым саласына сүйенсек, біздің жағдайымызда түркі тілдерінде сөйлейтін тұлғалардың мәдениетаралық құзыретін қалыптастыру керек екендігі белгілі жағдай (тілін үйренетін елдің мәдениеті мен өзінің мәдениетін салыстыру тұрғысында). Бүгінгі күні тілді оқыту барысында лингводидактика мен мәдениетаралық (көпмәдениетті) дидактика қазақ тілін ана тілі, екінші тіл және туыс тіл ретінде оқытудың жалпы теориясын зерттеумен бірге оны практикалық оқыту мақсаты тұрғысынан да кең қолданысқа ие болып отыр. Бұл теориялардың негізгі ұстанымдары қазақ тілін оқу пәні ретінде қарастыру бағытында тілімізді оқытып-үйрету әдістемесіне өте жақын келеді. Себебі білім беру бірлігі «мәтін»

десек, онда біздің мәдениетіміз бен рухани кеңістігіміздегі әдет-ғұрпымыз, мәдени құндылықтарымыз, елдік нышандарымыз бен салт-дәстүрімізге құрылған оқу материалы көрініс табады. Ал білім беру парадигмасында тікелей қазақ тілін оқытып-үйрету үшін мәдениеттанымдық мазмұндағы оқу-әдістемелік кешен, мультимедиалық құралдар, оқу сөздіктері мен жасанды интеллект көмекшілеріне сүйенген заманауи A1, A2, B1, B2 деңгейлеріне арналған кітаптар жазылуы тиіс.

Бұл тұрғыда алғаш рет қазақ тілінің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу нақты анықталды әрі мол тәжірибе жинақталды, кешен құрылымының ұстанымдары, лингводидактика негіздеріне сүйенген жаңаша әдістемесі қалыптасты. Мәдениетаралық дидактиканың негізгі нысаны – тілді оқытып-үйрету және меңгерту. Олай болса, тіл үйренуші тіл арқылы мәдени-рухани құндылықтарды ауызша және жазбаша сөйлеуде қолдана білуі қажет. Біздің ойымызша, тілді үйрету үдерісі тіл мен мәдениет байланысында, тығыз бірлікте жүзеге асады және нәтижесінде бұл ой-ниет субъектілердің арасында мәдениет-таным сұхбатын құру арқылы дағдысын қалыптастырады.

Осыған орай заманауи білім беру парадигмасын дамыту мақсатында алғаш рет қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытуға арналған теориялық еңбек жарық көріп, оның негізінде оқу-әдістемелік кешен әзірленді. Бұл оқу-әдістемелік кешен бүгінде қолданысқа ие болып отыр [3].

Оқу-әдістемелік кешенге коммуникативтік-мәдениеттаным құзыретін қалыптастыру мақсатында танымдық, қатысымдық, дамытушылық, тәрбиелік аспектіде қазақ, өзбек, түрік, қырғыз тілдеріндегі ортақ сөздерді қамтыған тақырыптар іріктеліп алынды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Кейінгі жылдары қазақстандық ғалымдар Қ. Қадашева, Ұ.О. Асанова, С.Қ. Омарова қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту мәселесіне қатысты ғылыми түсініктемесін жасап, алғаш рет «туыс тілдер» деген терминді ұсына отырып [4, 27-б.], түркі тілдерін салыстыра оқытудың әдістемесін ұсынды. Бұл теориялық және әдістемелік дәлелдемелер негізінде «Қазақ тілін туыс тілі ретінде оқыту әдістемесі» атты монография жарияланды [4].

Осы теориялық еңбектің аясында қазақ тілін оқыту жүйесінің еуропалық стандартына сүйене отырып, туыс тілде сөйлейтіндерге арналған көпдеңгейлік (A1, A2, B1, B2) «Қазақ тілі» (туыс тіл ретінде оқыту) пәніне арналған оқу-әдістемелік кешен жасалды.

Кешен құрамына енген негізгі оқулықпен бірге оқу құралдары әзірленді. Оқу құралы құрамында әр деңгей үшін арнайы құрастырылған оқу сөздіктерін де атауға болады.

A1, A2, B1, B2 деңгейлеріне арналған «Қазақ тілі» оқулығына енген негізгі белсенді лексикаларды меңгерту мақсатында ғалымдар қыпшақ, қарлұқ және оғыз тобының басым тілдеріне жататын қазақ, түрік, өзбек, қырғыз тілдерінің сөздік қорындағы ортақ сөздер мен маркер-сөздер арқылы салыстыра меңгерту ұстанымына сүйене отырып, осы елдердің мәдениеттанымдық, елтанымдық тақырыптарын (қысқаша) қамтиды.

Бұл мақалада айтқымыз келетін келесі жайт: ол ақпараттық өнімді және инновациялық технологиялардың даму үдерісінде оқу-әдістемелік кешен құрамына енген оқу сөздіктерін жасау қажеттігіне орай қазақ тілінің лексикографиясы теориясына сүйенген әрі оның жеке бір саласы ретінде оқу лексикографиясы тұрғысында қарастырылды.

Талдау мен нәтижелер

Лексикография – жедел түрде үнемі дамып отырады және жиі өзгерістер мен толықтыруларды қажет ететін тіл білімінің бір саласы. Бұл ғылым қолданбалы тіл білімі саласы ретінде оқу сөздіктерін құрастыру жағдайында аса қажеттілікке ие. Ал оқу сөздіктері – тілдік қарым-қатынас құру мақсатында жасалатын тілдесім құралы ретінде оңтайлы пайдалануға болатын лексикографиялық туынды. Қазақ лексикографиясы саласында

отандық ғалымдар Б.Қ. Қалиев [5], М. Малбақов [6] және т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Біздің пайымдауымыз бойынша, түркі тілдерінің ортақ сөздерінің лексикографиялық әлеуеті аса жоғары сөздікті жасаудың лингводидактикалық ұстанымдары анықталды:

- деңгейлер бойынша тақырыптарды қамту көрсеткіші жоғары сөздерді іріктеу ұстанымы;
- сөздердің жиілік қолданысын анықтап, сөзтізбесін құру ұстанымы;
- тіл үйрету мен түрлі тілдесім әрекетіне түсуге қатысты сөздік қорымыздағы сөздерді саралау ұстанымы;
- сөйлеу стиліне (ауызша диалог, полилог аясында сұхбаттасу, монолог түрінде әңгімелеу) қатысты қолданысқа ие сөзтізбелерін жасау ұстанымы.

Жаңаша сипатқа ие оқу-әдістемелік кешен құрамындағы оқу сөздіктерінің құрылымына енген әлеуметтік-мәдениеттанымдық материалдар бірлігі негізінде тілін үйренетін туыс елдер туралы ақпарат, сондай-ақ олардың ұлттық ерекшеліктері, мәдениетін танытатын ортақ сөздер мен сөздік қоры мәтін үшін нақтыланды. Арнайы жасалатын оқу сөздіктері қатарында синонимдік, антонимдік, лингвоелтанымдық, түсіндірме және ассоциативтік сөздіктер қамтылды. Біздің ойымызша, аталған оқу сөздіктері – қазақ тілін шет тілі, екінші тіл, туыс тілі ретінде оқыту үдерісінде оқып-үйрену үшін аса маңызды құрал. Бұл туралы әдістемеші ғалым Т.М. Балыхина: «Словари относятся к ведущим средствам овладения иностранным языком. Изучающему языку нужны словари трех типов: двуязычные, одноязычные (толковые) и специальные» [7, 65-б.] деген тұжырым жасайды.

Оқулықты және оқу сөздіктерін таңдау көптеген критерийлер мен жасалу параметрлеріне қатысты. Мұндай критерийлер нақты қойылған мақсатқа құрылып, олардың құрамы мен құрылымы мына ұстанымдарды басшылыққа алуы тиіс:

- деңгейлер бойынша тақырып жеңілден күрделіге дейін ұстанымында және оған сәйкес іріктелетін лексикалық, грамматикалық минимумдар, сұхбат, полилог және монологке қатысты іріктелуі;
- ауызша, жазбаша сөйлеу мәтініне жақын келуі;
- коммуникативтік жаттығулардың жеткілікті болуы (кем дегенде 20-25);
- мәдени және елтанымдық мәтіндердің қамтылуы;
- коммуникативтік-мәдениеттанымдық оқу сөздіктердің жасалуы;
- сөйлеу жағдаяттық тапсырмалардың берілуі.

Тілді оқытып-үйрету мен меңгерту үдерісінде тіліміздегі ең жиі қолданысқа ие белсенді сөздерді іріктеп, оқу сөздіктерін жасау тіл үйренушілердің өзара қарым-қатынас құруына септігін тигізеді және тиімділігін арттырады.

Оқу сөздіктерінің түрлері өте көп. Бір ғана басым тіл, сондай-ақ қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуға арналған немесе бірнеше туыс тілдерге қатысты сөздіктердің бір-бірінен үлкен айырмашылықтары бар. Бір тілге қатысты оқу сөздігі біртүрлі сөздік, ал туыстас тілдер үшін көптірлі сөздік, сонымен бірге мамандық бойынша кәсіби бағыттағы арнайы сөздіктерді де жасау міндеті орындалуы тиіс.

Сөздіктердің тіл үйрету үдерісіндегі пайдасы орасан зор, біріншіден, тіл үйренуші мәтіндегі белсенді сөздер мен таныс емес сөздердің мағынасын түсіну үшін сөздікті пайдаланады, екіншіден, олар сөздіктердегі белсенді сөздерді ауызша және жазбаша контексте қолдана отырып, өзара қатысымға түседі, мағынасына назар аударады.

Оқу сөздіктерінің ерекшелігі сонда – оның тілді үйрету үдерісіне бағдарлануы. Сондай-ақ арнайы жасалған оқу сөздіктерін оқытушы мен тіл үйренушінің үнемі қолданатын құралы деп айтуға болады. Оған себеп – тіл үйренушінің жаңа кілт сөздердің мағынасын, синонимдік қатарын ұғып, сөздік қорын дамытуға және мәтін мазмұнын терең түсінуге

көмектесетіні, сондай-ақ сабақтан тыс уақытта да қажетіне қарай сөздердің аудармасы арқылы тілдік дағдысын қалыптастыра алатындығы.

Қазақ тілі – өмірдің сан алуан саласында қолданылуға әлеуеті әбден жететін, түркілік түбірін сақтаған, сөздік қоры жағынан ең бай саламатты тілдердің бірі [8, 4-б.].

Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытып-үйрету үдерісінде мәдениет-таным сұхбатын құру мақсатындағы сөздер тіл үйренушілердің өзара қарым-қатынас құруын байланыстырып әрі біріктіреді. Ал қарым-қатынасқа түспейтін адам жоқ десек те болады. Олай болса, сөз және тіл бірлікте жанаса отырып, қарым-қатынас актісі – коммуникацияны, тіл үйренушінің лексикалық дағдысын қалыптастырып, оның танымын кеңейтуге және олардың бір-біріне ақпаратты жеткізуіне әсер ететін болады.

Тіл үйренуші тұлғалар үшін оқу сөздіктерінде берілген сөздердің жиынтығы басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуіне мол мүмкіндік береді. Біз әзірлеген сөздіктің құрамына енген белсенді лексикалар да (ең жиі қолданыстағы) стильдік ерекшеліктері ескеріліп, қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытып-үйрету мақсатына сәйкес арнайы іріктеліп алынды.

Бүгінгі таңда қолданыстағы оқу сөздіктерінің түрлері көбейіп келеді. Олардың қатарына тілдік қатысымға бағдарланған оқу сөздіктері мен арнайы лингвист ғалымдар құрастырып, академиялық бағытта дайындалған түсіндірме сөздік, ассоциативтік сөздік, синонимдер сөздігі, антонимдер сөздігі және т.б. сөздіктерді жатқызуға болады.

Оқу сөздіктерін жасаудың басты мақсаты – іріктелген әрі тілімізде жиі қолданысқа ие лексикалық минимумдарды, яғни тіл үйренушілердің сөзтізбелерін деңгейлер бойынша меңгеруіне әрі лексикографиялық талдау жасауына мүмкіндік беру. Сондай-ақ деңгейлік оқулықтағы тақырыптар негізінде қарастырылған белсенді лексикалар қазақ тілін жылдам меңгеруге және ұлттық мәдениеттен ақпарат алуға (жиі қолданысқа ие қанатты сөздер мен тұрақты тіркестер) тиімді көмекші құрал болатынын назарға алу қажет.

Сөздіктердің адам тіршілігінде бір-бірімен қарым-қатынас құру қажеттілігіне қарай түзілетіні дау тудырмаса керек. Ал мұндай қажеттілікті, яғни оқу сөздіктерін жасау мәселесінің өзекті болуы тіларалық, мәдениетаралық қарым-қатынас құрудың дамып, өрістеп, кеңеюімен түсіндіруге болады.

Оқу сөздіктерінің негізгі тірегі, дереккөзі – тілімізде жиі қолданысқа ие лексикалар мен тақырыптық сөздер тізбесі.

«Сөздік – сөздің өмір сүру орны». Сіз сөздерді оқисыз, оның мағынасын түсінесіз және қалай қолдануға болатынынан ақпарат аласыз. Оған себеп: кез келген адамның сөйлеу тілі – лексиканы қолдану арқылы жүзеге асады. «Лексика – бұл тілдегі сөздер жиынтығы және оның сөз қоры» [9, 6-б.].

Сөздік – сөздердің мағынасын, тілдегі айтылуын, анықтамасын, жазылуын, шығу тегін, этимологиясын түсініп, қарым-қатынас құруда тиімді қолданылуын реттейтін, сондай-ақ оның қызметін сипаттайтын құрал. Оқу сөздіктерінде ортақ сөздер мен синонимдердің глоссографиясы (лұғаты) беріледі, мұндай сөздіктер – тіл үйренуде өте маңызды және жылдам табысқа жеткізетін сөздер ресурсы.

Жоғарыда аталған сөздіктердің ішінде Ассоциативтік сөздік – бұл лингвистердің ғылыми айналымына енген сөздіктің жаңа түрі. Өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғында шетелдік ғалымдар Ю.Н. Караулов, Ю.А. Сорокин, Е.Ф. Тарасов, Г.А. Черкасова, Н.В. Уфимцева, В.В. Дронов, Л.Н. Титова, G.H. Kent, A.J. Rosanoff, L. Postman, G. Keppel және отандық ғалымдар М. Малбақов, Ж. Байниязова, Н.В. Дмитрюк және т.б. тілді оқып-үйрету мақсатында орыс тілі және басқа тілдердің ассоциативтік сөздігін құрастыра бастады. Ал қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытуға арналған салыстырмалы ассоциативтік оқу сөздігін құрастыру жұмысын алғаш рет профессор Қ. Қадашева, Ұ.О. Асанова, С.Қ. Омарова қолға алды.

Ассоциативтік сөздіктің идеясы тілдердегі белсенді сөздер мен олардың ассоциативтік өрісі туралы түсініктермен байланысты. Ассоциативтік сөздіктің қаншалықты қажет екендігін және қазақ тілін үйренгісі келетін әр адамға оның берер пайдасын білу үшін ассоциативтік норманың не екенін ұғыну керек.

Ассоциативтік сөздік еркін ассоциативтік тәжірибе негізінде құрастырылады, ол келесі әдіспен түсіндіріледі. Алдымен, зерттеушілер сөздердің ассоциативтік нормаларын білу үшін сөзтізбе (словник) дайындайды.

Сөздердің адам зердесінде сақталуы өте қызықты, егер де белгілі бір сөздерді есімізге түсіретін болсақ не қолданғымыз келсе, олармен бірге басқа сөздер де ойымызға келеді. Оның бұлай болу себебі, ол сөздер біздің зердемізде және сөйлеу тілімізде жақын орналасқан, мысалы: «Біздің әжеміз қартайды» немесе бұл сөздердің белгіленген нысаны шынайы өмірде қатар жүреді (қарт әже – қарт ата).

Сөздердің ассоциативтік байланысы біздің сөйлеу тілімізде және өмір сүру әрекетімізде пайда болады. Ана тілінде сөйлейтін әрбір тіл үйренуші ассоциативтік сөздердің байланысын өз мәдениетін тану үдерісінде біле бастайды. Қазақтардың тілдік санасы мен қазақ тілінің ассоциативтік нормасының ұқсастығы соншалықты игерілген этникалық мәдениеттің бірлігімен астасып кетеді.

Ассоциативтік сөздіктер әдеби мәтіндер мен көркем шығарма мәтіндеріндегі сөз қолданыстарын талдаудың негізінде құрастырылмайды, жалпы ассоциативтік тәжірибелерді жүргізу барысында анықталатын әдеттегі тілді тұтынушының (носитель) тілдік жадысын талдау нәтижесінде жасалады. Бұл сөздіктер сөздердің мағынасын емес, керісінше, қазіргі заманғы тілді тұтынушылардың тілдік қарым-қатынастағы сөздердің қолданысын көрсетеді. Мұндай салыстырмалардан шығатын қорытынды, ассоциативтік сөздіктерден түсіндірме сөздіктерді бөліп, оларды жоққа шығармай, керісінше ассоциативтік өрістің практикалық тұрғыда қалыптасуына мүмкіндік беру қажет.

Төменде қазақ тілін туыс тіл ретінде (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін) оқытып-үйрету және меңгертуге арналған ассоциативтік оқу сөздігінен (қазақ, қырғыз, түрік, өзбек тілдерінде) өрнек (үлгі) беріліп отыр (1-кесте).

1-кесте – Қазақ-қырғыз-түрік-өзбек тілдеріндегі салыстырмалы сөзтізбе (A2 деңгейі)

Ынта-сөз	Ынта-сөздің түсіндірмесі	Ынта-сөзге берілген мысалдар	Ынта-сөздің өрісі	Ынта-сөз өрісіне берілген мысалдар
1	2	3	4	5
ҒИМАРАТ зат есім	Сәулет өнерінің белгілі бір үлгісімен салынған құрылыс, үй.	Үлкен қалаларда 40-80 қабатты ғимараттар салына бастады, оның ішінде дүкендер, тұрғын үйлер, офистер және мейрамханалар бар.	биік	Астанада 42 қабатты <i>биік</i> ғимарат салынды.
	-	-	ескі	«Отырар» кітапханасы ғимараты өте <i>ескі</i> екен.
	-	-	заманауи	Қалаға көрік беретін <i>заманауи</i> ғимараттар салынуда.

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
ИМАРАТ зат отооч	Өзүнчө турган үй курулушу, чонураак келген үй, там, курулуш жайы.	Түгөл, Сапар институттун имаратын айланып өтүп баратышты (Бейшеналиев).	бийик	Бириккен Араб Эмиратынын Дубай шаарында бийик имараттар бар.
	-	-	эски	Бишкектеги 1930- жылдарда салынган «Ала-Тоо» кино- театрынын эски имараты оңдоп- түзөөдөн өтүп, көркүнө чыкты («КыргызТуусу»).
	-	-	заманбап	Б.М.Юнусалиев көчөсүндөгү «Космопарк» заманбап имараттардын бири.
BİNA isim	Barınmak veya başka amaçlarla kullanılmak için yapılmış her türlü mimarlık eseri	«Yalı, çok pencereli, iki katlı, yayvan bir binadır». (B. Felek) «Kimi gökten, kimi yerden üşüşüp her kapıya, Giriyor, birbiri ardınca, ilahî yapıya». (Yahya Kemal Beyatlı)	yüksek	Bugün yüksek binalar depreme dayanıklı olarak yapılıyor.
YAPI isim	-	-	eski	Eski Meclis binası Ulus'ta bulunmaktadır.
	-	-	modern	Modern binalar şehri daha da görkemli kılmaktadır.
IMORAT ism	Arxitekturaning yordami asosida qurilgan bino	«Amir Temur qurdirgan ushbu ulug'vor imorat hozir ham o'zining betakror go'zalligini saqlab kelmoqda» (Temur tuzuklari)	baland	Katta shaharlarda baland binolar qurilishi boshlangan
BINO ism	-	-	buyuk	Toshkentda kóp qavatli buyuk binolar qurilmoqda

Оқу сөздігіне енетін сөздердің мағыналас қатарын беру, лексикалық бірліктердің түсіндірмесін беріп, оны түрлі тапсырмалар арқылы түсіндіру мәселесі де лексикографиялаудың негізгі ерекшеліктеріне жатады. Сөздікте лексикографиялық бірліктердің мағыналық, ассоциативтік-мағыналық байланыстарын ашатын еркін және тұрақты тіркестердің өте жеткілікті берілуі қажет. Сөздікке алынған бірліктердің басым көпшілігі елтанымдық және лингвоелтанымдық болғандықтан, сөздер таңдалып, талғанып алынатынын да ескерген жөн [10, 197-б.].

Лексикографияның негізгі нәтижелерін көптеген ғылым салалары пайдаланады. Олай болса, тілді үйренушілерге арналған оқу кешендерінің құрамына енетін оқу сөздіктерінің маңызы да ерекше болмақ. Бұл туралы ғалым Ж.Т. Байниязова былай ой түйеді: «...оқу лексикографиясы мен оның басты өнімі ретіндегі оқу сөздігінің басты мақсаты оқу немесе оқыту емес екендігіне, басты мақсат – тілді үйрету болып табылатынына көз жеткізу қиын емес. Және бұл жерде басын ашып, анықтап айтатын бір жайт бар. Мақсат – тілді ұстаздардың көмегімен үйрету емес, керісінше осы сөздіктің көмегімен оқырманның өзінің үйренуі, оқырманның тілді өз бетінше үйренуіне жағдай жасау. Оқырман осы сөздікті оқи отырып тілді өз бетінше, өз күшімен үйренеді. Сөздіктің құрылымы сол мақсатқа лайықталып жасалады» [11, 15-б.].

Кез келген оқу сөздігін жасау сөзтізбе мәселесіне байланысты болады. Сөздікті әзірлемес бұрын сөздерді іріктеп алу қажет. Ал бұл мәселе сөздіктің кімге және қандай қажеттілікке жарайтынын анықтауды қажет ететіні белгілі. Оқу сөздіктерінің құрылымына енетін сөзтізбе міндетті түрде тақырыпқа байланысты болады. Осыған орай, сөздікті жасау барысында мынадай белгілерді анықтаған жөн:

- 1.Сөздіктің көлемі;
- 2.Тілдің ұстанымы (сөздіктің түсіндірмесін беру);
- 3.Түрлі тапсырмалар арқылы түсіндіру.

Қандай да бір сөздік жасау, ең алдымен, оның негізгі дереккөздері және оны пайдаланушы адресатқа қатысты анықталатыны дау тудырмаса керек. Ал сөздік – негізгі ғылыми туынды болса, оның құрамына енетін сөз – негізгі тілдік бірліктер. Біздің мақсатымыз – оқу сөздігін жасауда тақырып бойынша сұрыпталған лексикалық бірліктің жеке-дара ерекшелігін ашып, оның түсіндірмесін бере отырып, осы сөздердің ассоциативтік өрісін құру.

Сонымен, сөздік – тіл үйрету құралы. Ал лингвомәдениеттаным сөздігіндегі (B1-B2) деңгейлер бойынша берілген тақырыптар базасында мәдени ақпараттың, прагматикалық өрнектердің берілуі тіл үйренушілердің мәдени, рухани құндылықтарды тануына мүмкіндік береді.

Қорытынды

Бүгінгі күні қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту үдерісінде оқу лексикографиясы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан зерттеліп, өзіндік мақсаты мен міндеттерін және нысанын белгілеп, жеке лингвоәдістемелік пән ретінде түсіндіріле бастады.

Сөзімізді түйіндеп айтқанда, оқу сөздіктері тілді оқыту үдерісіндегі ең тиімді қолданысқа ие лексикографиялық туынды деп санауға болады. Тілдесім құралы ретінде көлемі мен түрі жағынан алуан түрлі болып келетін оқу сөздіктерінің басты мақсаты – тілді үйрету және меңгертуге бағдарлануы. Олай болса, туыс тілде сөйлейтіндерге арналған оқу сөздігі үшін лексикалық минимумдерді іріктеу лингвостатистикалық әдіске сүйенуді қажет ететіні белгілі. Мұндай минимумдер фонетикалық, грамматикалық, коммуникативтік және елтаным мен мәдениеттанымдық тақырыптар аясында іріктеліп алынады, сондай-ақ тіл жүйесі туралы білім алу мақсаты да оқу сөздігінің негізгі мазмұнын құрайды. Лексикалық минимумдерді жасауда мынадай әдістемелік ұстанымдар ескерілуі тиіс:

- 1) тақырыптарды түрлі салаларға тән сөздер деңгейінде (тұрмыстық-әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени және т.б.) іріктеу;
- 2) лингвомәдениеттанымдық бағдар;
- 3) танымдық, қатысымдық, тәрбиелік, дамытушылық тәрізді оқыту амалдарына бейімделген тақырыптық минимумдерді іріктеу;
- 4) фондық білім беретін лексикалар мен фразеологизмдер минимумін саралау.

Мұндай оқу сөздіктері тіл үйренушілер үшін өте пайдалы. Себебі тіл үйренушінің өз ана тілі мен үйренетін тілдегі сөздерді салыстыра отырып оқып-үйренуі олардың тілге деген қызығушылығы мен жылдам меңгеруіне мүмкіндік береді.

Қандай да бір сөздік жасау, ең алдымен, оның негізгі дереккөздері және оны пайдаланушы адресатқа қатысты анықталатыны дау тудырмаса керек. Ал сөздік – негізгі ғылыми туынды болса, оның құрамына енетін сөз – негізгі тілдік бірліктер. Біздің мақсатымыз – оқу сөздігін жасауда тақырып бойынша сұрыпталған лексикалық бірліктің жеке-дара ерекшелігін ашып, оның түсіндірмесін бере отырып, осы сөздердің ассоциативтік өрісін құру.

Сонымен, сөздік – тіл үйрету құралы. Ал лингвомәдениеттаным сөздігіндегі (B1-B2) деңгейлер бойынша берілген тақырыптар базасында мәдени ақпараттың, прагматикалық өрнектердің берілуі тіл үйренушілердің мәдени, рухани құндылықтарды тануына мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Хрестоматия по методике преподавания русского языка как иностранного / Сост. Л.В. Московник, А.Н. Щукин. – М.: «Русск. Яз. Курсы», 2010. – 552 с.
2. Петрикова А., Куприна Т., Галло Я. Основы межкультурной дидактики. – М.: «Русск. Яз. Курсы», 2015. – 376 с.
3. Қадашева Қ., Омарова С.Қ., Асанова У.О. Ассоциативтік өріс және Ортақ сөздер оқу сөздігі, А1-А2 деңгейлері (туыс тіл ретінде оқыту): оқу-әдістемелік кешен. –Түркістан: Тұран, 2023. – 149 б.
4. Қадашева Қ., Асанова У.О., Ашиқбаева Б.С. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін). – Алматы: Кантана-пресс, 2012. – 400 б.
5. Қалиев Б.Қ. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. – Алматы: Керемет медиа, 2023. – 496 б.
6. Малбақов М. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2003. – 368 б.
7. Балыхина Т.М. Методика преподавания русского языка как неродного (нового). – М.: «Издательство Российского университета дружбы народов», 2010. – 187 с.
8. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі / Жалпы редак. басқ.: Қажыбек Е.З., Фазылжанова А.М. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.
9. Щукин А.Н. Методика обучения речевому общению на иностранном языке: учебное пособие. – М.: Икар, 2011. – 454 с.
10. Қадашева Қ., Омарова С.Қ., Асанова У.О. Изучение близкородственных языков: особенности составления учебного комплекса // Вестник Российского университета дружбы народов. – 2016. – №3. – С. 194–202.
11. Байниязова Ж.Т. Қазақ лексикографиясы: біртүлді оқу сөздігін түзудің ғылыми негіздері: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2008. – 32 б.

REFERENCES

1. Hrestomatia po metodike prepodavania russkogo iazyka kak inostrannogo [A textbook on the methodology of teaching Russian as a foreign language] / Sost. L.V. Moskovnik, A.N. Shhukin. – М.: «Russk. Iaz. Kursy», 2010. – 552 s.
2. Petrikova A., Kuprina T., Gallo Ia. Osnovy mezhkulturnoi didaktiki [Fundamentals of intercultural didactics]. – М.: «Russk. Iaz. Kursy», 2015. – 376 s. [in Russian]

3. Qadasheva Q., Omarova S.Q., Asanova U.O. Associativtik oris zhane Ortaq sozder oqu sozdigi, A1-A2 dengeileri (tuys til retinde oqytu): oqu-adistemelik keshen [Associative field and common words educational dictionary, levels A1-A2 (teaching as a related language): educational and methodological complex]. –Turkistan: Turan, 2023. – 149 b. [in Kazakh]
4. Qadasheva Q., Asanova U.O., Ashikbaeva B.S. Qazaq tilin tuys til retinde oqytu adistemesi (turki tilderinde soileitinder ushin) [Methods of teaching Kazakh as a related language (for speakers of Turkic languages)]. – Almaty: Kantana-press, 2012. – 400 b. [in Kazakh]
5. Qaliev B.Q. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi. 2-tom [Explanatory Dictionary of the Kazakh language. Volume 2]. – Almaty: Keremet media, 2023. – 496 b.
6. Malbaqov M. Qazaq tili tusindirme sozdiginin qurylymdyq negizderi [Structural basis of the Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Qylym, 2003. – 368 b. [in Kazakh]
7. Balyhina T.M. Metodika prepodavania russkogo iazyka kak nerodnogo (novogo) [Методика преподавания русского языка как неродного (нового)]. – М.: «Izdatelstvo Rossiyskogo universiteta druzhby narodov», 2010. – 187 s. [in Russian]
8. Zhalpy bilim berudegi qazaq tilinin zhiilik sozdigi [Frequency Dictionary of the Kazakh language in general education] / Zhalpy redak. basq.: Qazhybek E.Z., Fazylzhanova A.M. – Almaty: Daur, 2016. – 1472 b. [in Kazakh]
9. Shukin A.N. Metodika obuchenia rechevomu obsheniю na inostrannom iazyke: uch. Posobie [Methods of teaching speech communication in a foreign language: a textbook]. – М.: Ikar, 2011. – 454 s. [in Russian]
10. Kadasheva K., Omarova S.K., Asanova U.O. Izuchenie blizkorodstvennyh iazykov: osobennosti sostavleniya uchebnogo kompleksa [Learning closely related languages: features of the educational complex] // Vestnik Rossiyskogo universiteta druzhby narodov. – 2016. – №3. – S. 194–202. [in Russian]
11. Bainiazova Zh.T. Qazaq leksikografiasy: birtildi oqu sozdigin tuzudin gylymi negizderi: filol. gyl. kand. ... avtoref. [Kazakh lexicography: scientific basis for the formation of a monolingual educational dictionary: abstract.]. – Almaty, 2008. – 32 b. [in Kazakh]